№20
(20694)

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 ақпан, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ ҮКІМЕТТІ ОТСТАВКАҒА ЖІБЕРДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлыққа қол қойды.

Жарлық мәтінінде былай делінген:

Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі қабылдансын.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Роман Васильевич Склярға жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыра берсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповты қабылдады.

Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіптің» былтырғы атқарған жұмыстарының нәтижесі туралы есеп беріліп, компанияның қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективаға арналған мақсаттары мен жоспарлары таныстырылды.

Президентке өткен жылдың қорытындысы бойынша уран өнімдерін өндіру көлемі 21 мың тоннадан, ал сату көрсеткіші 18 мың тоннадан асқаны жөнінде баяндалды. Мейіржан Юсуповтың айтуынша, 2023 жылы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданған уран өнімдерінің үлесі айтарлықтай артқан. Қазақстаннан батыс елдеріне жөнелтілген уранның 64 пайызы осы транзит дәлізі арқылы тасымалданған.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіп» компаниялар тобы жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобалар, сондай-ақ өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және қолдауға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар Президентке минералдық-шикізаттық базаны кеңейту және толықтыру жұмыстары жайында айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазатомөнеркәсіп» жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

СЕССИЯ

ӨҢІР ДАМУЫНДА ӨЗГЕРІС КӨП

Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, депутаттар, басқарма басшылары және өзге де жауапты мекеме өкілдері қатысты.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгеріс енгізу туралы облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мүбәраков баяндады. Ал облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Марат Құрманбаев облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссия құрамын бекіту шешіміне өзгерістер енгізу туралы айтты. Сондай-ақ сессияда облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру туралы хабарлама жасады.

Бұл мәселелер бойынша сессия алдында тұрақты кеңес отырысында жан-жақты талқыланған еді. Осыған байланысты депутаттар дауыс беріп, нақты шешімдер қабылданды.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде айтып өтті.

2-бет

САРАП

«ҚАРА ТІЗІМ» ҚАҚПАНЫ

Коллаж К.Ораздаевтікі

Кейінгі жылдары халықтың несиесі еселеп артып жатыр десек, жалған сөйлегеніміз емес. Бұны статистикалық деректер арқылы оңай айғақтауға болады. Мәселен, қазір елімізде еңбекке жарамды халықтың 84 пайызының, яғни, 8,5 миллион азаматтың несиесі бар. Ал 2021 жылы бұл санатта 6,1 миллион адам болған. Аз уақытта 2,4 миллион адам қосылып отыр. Оның үстіне проблемалық несиелердің көбеюі тұтастай елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс ықпал етуде.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

НЕСІБЕНІ НЕСИЕДЕН ІЗДЕЙМІЗ БЕ?

Сонымен, ә дегеннен сандарды тізбектеуіміз бекер емес. «Халық несие қамытын киіп отыр» деген сөздің жиі айтылуы бекер емесін аңғартқымыз келді. Бұл мәселе жөнінде Үкімет пен Парламент талай жиын өткізген, жұртты кейде ақтап, бірде дат-тап та алады. Адамдардың несиеге тәуелділігін айтып бір қынжылса, мінберде «халықтың қаржылық сауатының төмендігі» деп тағы селкеу түсіреді.

Жоғарыда 8,5 миллион адамның несиесі барын айттық, соның ішінде 1,7 миллионы қарызын уақытылы төлей алмай жүр. 90 күннен кешіктірілген несие көлемі 1,3 триллион теңгеден асқан. Осының бәрі жағдайдың ушығып бара жатқанын көрсетеді. Ал Үкімет банктердің бұрынғы кредиттері жабылмаған азаматтарға да неліктен несие бергенін түсінбей әлек.

> Жоғарыда 8,5 миллион адамның несиесі барын айттық, соның ішінде 1,7 миллионы қарызын уақытылы төлей алмай жүр. 90 күннен кешіктірілген несие көлемі 1,3 триллион теңгеден асқан. Осының бәрі жағдайдың ушығып бара жатқанын көрсетеді. Ал Үкімет банктердің бұрынғы кредиттері жабылмаған азаматтарға да неліктен несие бергенін түсінбей әлек.

Банктерді былай ысырғанда, микроқаржы секторында қарызының жалпы сомасы 98 млрд теңгені құрайтын проблемалық қарыз алушылар саны – 347 мың. Мәселенің әбден дендеп кеткенін өзіңіз болжай беріңіз.

Несие алуға байланысты елімізде түрлі жағымсыз статистика бар. Өйткенмен шындықты қабылдауға мәжбүрміз. Жақында «Қарызсыз қоғам» жобасының зерттеушілері келесідей деректерді ұсынды: жобаға қатысушылардың 63,1 пайызы кредиттің пайызы мен артық төлем мөлшерін білмеген, ал 38 пайызы айлығы 70 мың теңге бола тұра, банк пен микроқаржы ұйымдарынан кемі 2 несие алған. 13,8 пайызының атында оннан астам несие болған. 58 пайызы – көпбалалы отбасылар.

– Қазақ менталитеті мен несие алудың арасындағы байланысты жоққа шығара алмаймыз. Негізгі аспектілерінің бірі – үйлену, сүндет той, бесік той мен басқа да мерекелерді, дәстүрлі рәсімдерді атап өту. Кей адамдар несие өтеуге шамасы жетпейтінін білсе де, абыройын түсірмес үшін алады, – деп мәлімдеген жоба жетекшілері.

4-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Құпия құжаттар қолжетімді

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты құпия болған құжаттар енді барлық адамға қолжетімді. Алматыдағы Президент архивінде осы уақытқа дейін 600 мың құжат болса, екі жылда жаңадан 700 мың құжат қосылған.



Фото: Ашық дерекқордан

– Бұл – мемлекеттік комиссия жұмысының нәтижесі, – деді Мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

Қазір қуғын-сүргін құрбандарына қатысты ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстарына қаржы бөлінген.

Пилоттық режимде іске қосылады

Елімізде зорлық-зомбылық және буллингтен жапа шеккендерге көмек беру жөніндегі кешенді бағдарлама әзірленіп жатыр. Мүдделі мемлекеттік органдар, ғалымдар, қоғам белсенділері мен сарапшылардан тұратын жұмыс тобы бұл бағытта елде атқарылып жатқан жұмыстармен қатар, халықаралық тәжірибені де зерттеген.

Буллингке ұшыраған немесе куә болғандарды анықтау мен оларға қолдау көрсету әдістемесі қабылданған. 111 нөмірі бойынша байланыс орталығы жұмыс істеуде. Әдістемеге сәйкес мамандар қысым жасаған тараппен де, буллингке ұшыраған жақпен де жұмыс жасайды.

Жоба алдағы оқу жылынан бастап жүзеге асырылмақ.

«Көшпенділер ойындарының» ауқымы кеңейді

Астана әкімдігінің хабарлауынша, 8-14 қыркүйек аралығында өтетін «Көшпенділер ойындарына» 100-ден аса елдің төрт мыңға жуық екілі қатыспақ. Қазірдің өзінде бұл ауқымды шараға 107 мемлекет қызығушылық танытқан.

Фото: Ашық дерекқордан

Ойындарды өткізу үшін елорданың 6 негізгі спорттық инфрақұрылымы бекітілді: «Астана-Арена» стадионы, Ж.Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз айдыны сарайы, «Қазақстан» жеңіл атлетика спорт кешені, «Думан» қонақүй кешені, «Қазанат» ипподромы.

Мәдени бағдарламаның негізгі алаңы «Қазанат» ипподромына іргелес «Көшпенділер әлемі» этноауылы болады. Ойындарды ұйымдастыруға 1000-ға жуық ерікті қатысады.

ӨҢІР ӨНІМІ

Кәсіп бастағанның өрісі кеңейеді. Өйткені мемлекет тарапынан шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай жасалуда. Бұл сөзімізге «Белкөл» кентінің тұрғыны Майра Ізбасқанованың жұмысы дәлел.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Суретті түсірген Н.Нұржұбай

Сатылымда «Белкөл» сабыны

Жеке кәсіпкер «Өңірлік инвестиция орталығы» арқылы 4 млн теңге қаражатқа қол жеткізіп, жұмысты сәтті жүзеге асыруда.

Өнім «Белкөл» сауда белгісімен сатылымға шықты. Бағасы – 120-160 теңге. Шығыны да айтарлықтай аз. Өйткені кір сабын жасау үшін тоң май мен сода пайдаланады. Негізгі тұтынушылары – Сырдария, Жалағаш ауданының тұрғындары. Сұраныс артып жатса, өзге өңірлерге да жібермек ниетте. Осылайша өндіріс орнын үлкейтіп, қосымша жұмыс көзін арттырмақ.

– Кәсіпті 2022 жылы қолға алып, бизнес жоспарымды сәтті қорғап шықтым. Қаражатыма қажетті станок пен шикізат сатып алдым. Қазір сабынның екі түрін шығарып жатырмыз. Кір сабын шығаратын құрылғыны Алматыдан алдырдым. Аппарат сағатына 500 дана сабын шығаруға қауқарлы. Сапасы жақсы. Өндіріске қажетті шикізатты Тараз, Шымкент қалаларынан әкелеміз. Алдағы уақытта өндіріс орнын ұлғайтсақ деген жоспар бар, – дейді кәсіпкер.

Көтерме бағамен сатып алушылар табылып жатса, кәсіпкер бағасын түсіруге әзір. Өндіріс орнында бұдан бөлек сусабын, ыдыс жуатын сұйықтықтар шығарылуда.

ӨҢІР ДАМУЫНДА ӨЗГЕРІС КӨП

– Мемлекет басшысы мен Үкіметтің Сыр өңіріне ерекше қолдауының арқасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталуда. Экономиканың барлық негізгі саласында өсім байқалып отыр. Бұл жөнінен былтыр облыс аймақтар арасында көшбасшылар қатарынан көрінді.

Өткен жылдың тамыз айынан бері ол жөнінен республикада алғашқы үштікте келеміз. Жыл қорытындысымен облыстың өнеркәсіп өндірісі – 3,6, өңдеу өнеркәсібі – 33,5, ауыл шаруашылығы – 3,7, құрылыс жұмыстарының көлемі – 40,4, тұрғын үй – 8,4, сауда – 4,7, көлік және қоймалау көлемі 7,8 пайызға артты. Былтыр облысқа барлық көздерден жарты триллионға жуық (14,2%) инвестициялар тартылды. Оның 73 пайызы – жеке инвестициялар. Өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан кейінгі 10 жылда төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Осы саланың өсу қарқыны бойынша 2022 жылы республикада 11-орында болсақ, былтыр бірінші орыннан көріндік. Экономикалық тұрақтылықты сақтау оңай емес. Сондықтан бұл қарқынды одан әрі арттыруымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Былтыр аймақ бюджеті 609 млрд теңгені құрады. Оның ішінде облыстың даму бюджеті 2,5 есе артты. Биыл да салық түсімдерін арттырып, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы бюджет көлемі ұлғайтылмақ.

Облыста әлеуметтік сала бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп бой көтеруде, тағы 11 мектептің құрылысы басталады. Физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат ел игілігіне айналады. Өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 25 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсететін 15 дәрігерлік амбулатория ашылды, қалған 12-сі биыл ел игілігіне айналады. Мамыр айында «Қан орталығы» өз қызметін бастайды. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, құны 20,9 млрд теңге болатын Орталық стадион және 6,8 млрд теңгеге жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені көпшілік қолданысына табысталмақ.

Өткен аптадағы Қызылорда қаласы және аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңесте өзекті мәселелер қаралып, алғашқы кезекте жүзеге асуы тиіс жобалар анықталды. Облыс әкімі өз сөзінде бюджет қаражатын дұрыс жоспарлап, тиімді жұмсау – аса маңызды мәселе екеніне тоқталды.

– Өткен жылдың 13 желтоқсанында өткен мәслихат сессиясында 2024 жылға арналған облыстық бюджет 650 млрд теңге көлемінде бекітілді. Бюджет түсімін 549 млн теңгеге ұлғайту, жыл қорытындысымен қалыптасқан қалдықтар есебінен 5,7 млрд теңгені қайта бағыттау, бірқатар бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің пайдаланылмаған қаржысын 22,1 млрд теңгеге қысқарту арқылы 28,3 млрд теңгені өңірдегі кезек күттірмейтін мәселелерге, оның ішінде электр желілерін тарту, елді мекендерді газдандыру жобаларын қаржыландыруға жұмсамақпыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі Қызылорда қаласындағы көше қиылыстары мен көпқабатты үйлердің аулаларына 700 бейнебақылау камерасы, жол жүру ережесін бұзған азаматтарды автоматты түрде анықтайтын 20 «Зияткерлік қиылыс» және 20 стационарлық жылдамдық өлшегіш қондырғысын орнатуға қосымша 2 млрд теңге бөлуді ұсынды.

Су тапшылығы ескеріліп, Шиелі ауданында 300 гектарға тамшылатып суару әдісімен жүгері егілмек. Жер дайындалды, қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді. Жобаға 12 шақырым электр желісін тарту үшін 148,9 млн теңге бағытталуда.

Мұнан бөлек, тұрғындарға қолайлы орта жасау үшін 7,5 млрд теңге бөлінбек. Бұл орайда осы кезге дейін жасалып жатқан түрлі жаңғырту жұмыстары серпін алатын болады.

Сондай-ақ аймақ бюджетінің басым бөлігі жұмсалатын әлеуметтік саланың шығыстарын қаржыландыруға қосымша 2,4 млрд теңге бөлінбек.

Облыста апатты тұрғын үйдегі отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету үшін 135 отбасыға үй сатып алуға 1,7 млрд теңге бөлу жоспарланды.

– Кейінгі екі жылда аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылды, – дедіендігі кезекте облыс әкімі. – Өткен жылы Қызылорда қаласында жерлесіміз Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1 млрд 700 млн теңге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Оған қоса «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Сыр өңірінің мәдени брендіне айналатын «Шірік-Рабат Сақ жауынгері» мен «Сығанақ ханшайымының» алтындатқан мүсіндері облыстық музейге тапсырылды. Тарихшылардың ғылыми негіздемесіне сәйкес және археологиялық қазба нәтижелері бойынша алтын киімді «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары жасалып, осы күнге дейін беймәлім болып келген, шетелдерде сақталған жәдігерлердің көшірмелері ел назарына ұсынылады. Осыдан 10 жыл бұрынғы үрдіс жаңғырып, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне арнайы «Тұран» сыйлығы табысталды. Өңірде классикалық музыканы дамыту мақсатында тұңғыш рет 50-ден аса кәсіби музыканттан жасақталған облыстық симфония оркестрі құрылды. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған Инклюзивті театр үйірме жұмысын бастады. Қалалық «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылып, шығармашылығын халыққа ұсынуда. Өткен жылы желтоқсан айында елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының мәдени-өнер күндері өтті. Халық Сыр өнерпаздарының шығармашылығына ерекше ықыласын көрсетіп, оң бағасын берді. Зиялы қауымның сұранысына сай биыл сәуір айында Қызылорда облысының мәдени-өнер күндері Алматы қаласында өткізіледі. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрді насихаттау мақсатында наурыз айынан бастап Сыр өңірінде биылғы жыл «Руханият жылы» деп жарияланады.

Жақын күндері 1000 орындық «Өнер орталығы» қызметін бастайды, «Жыраулар үйі» ашылады. Барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасатын «Руханият орталықтары» салынады. Ол үшін облыстық бюджеттен 11,5 млрд теңге жоспарлануда. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады.

Ал Сырдария өзенінің сол жағалауынан Сыр өңірінің құнды жәдігерлері мен экспозицияларын кеңінен дәріптеу мақсатында жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Құны – шамамен 1,6 млрд теңге.

1-бет

БРИФИНГ

Шиелінің шаруасы ширақ

Шиелі аймағымыздағы кәсіпкерлігі дамыған аудандардың қатарында. Соның дәлелі болса керек, былтыр сауда-саттық, туризм және өнеркәсіп салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында 5 млрд 264 млн теңгенің 452 жобасына шағын несие және грант қаражатын алып, 920 жұмыс орны ашылды, 52 жоба бітіп, 214 жаңа жұмыс орны құрылды. Жалпы кәсіпкерлік саласында жыл көлемінде 1134 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Ал биыл тағы 60-қа жуық нысан өз жұмысын бастайды деп жоспарланып отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатов баяндады. Сондай-ақ аудан әкімі былтыр ауданда атқарылған өзге де ауқымды жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді таныстырды.

Sb **Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

– Былтыр өнеркәсіп өнімдерін өндіру 75 млрд 200 млн теңгені құрап, 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 129,7 пайыз, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 35 млрд теңгенің өнімдері өндіріліп, 171,3 пайызға орындалды. Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 47 млрд 912 млн теңгені құрап, тиісті кезеңмен салыстырғанда 127,5% артты. Жалпы ұлттық жобалар аясында 2024-2028 жылдары ауданда құны 77 млрд теңгені құрайтын 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Олар толық іске қосылғанда 920 адам жұмыспен қамтылады, – деді аудан әкімі.

Былтыр ауыл шаруашылығы саласында 49 млрд 204 млн теңгенің өнімі өндіріліп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,7 пайыз құраған. Оның ішінде егін шаруашылығында 34 млрд 986 млн теңгенің өнімі өндіріліп, 108,7%, мал шаруашылығында 13 млрд 806 млн теңгенің өнімі өндіріліп, 102 % артқан.

– Өткен жылы барлығы 30 792 гектар жерге егін, негізгі дақыл – күріш 13 176 гектарға егілді. Егін көлемі кейінгі жылдары 3000 гектарға ұлғайса, биыл 1000 гектар жерге жүгері егу жоспарлануда, яғни, «Жалғызағаш» аумағына «Таң ЛТД» ЖШС Қытай компаниясымен бірлесіп, тамшылатып суару арқылы жүгері егуді қолға алып отыр. Әртараптандыру бағытындағы шаруалар да назардан тыс қалмай, 5500 гектар жерге көкөніс-бақша, картоп өнімдері егіліп, 183 мың тонна өнім алынды. Әсіресе, аймақ басшысының арнайы тапсырмасымен жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, оның ішінде көкөніс-бақша өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін көктем айларында 1520 гектар жер дайын күйінде үлестіріліп, тұрғындар өз еңбегімен мол өнімге қол жеткізді. Биыл да тұрғындарға көкөніс-бақша дақылдарын егуге 1700 гектар жер дайындалмақ, – деп атап өтті Нұржан Сәбитұлы.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында жыл қорытындысымен жобалық құны 548 млн 135 мың теңгені құрайтын 75 жоба мемлекет тарапынан қолдау тапқан. Соның ішінде «Бәйтерек» ауылдық округінде қызанақ пастасын өндіру цехы ашылып, ауыл азаматтарын жұмыспен қамти отырып, қайта өңдеуді қолға ала бастаған.

Ауыл шаруашылығы құрылымдары 2021-2023 жылдары 59 жаңа техника алып, жалпы құны 3 млрд 451 млн теңге инвестиция тартылған. Соның нәтижесінде ауданның техника паркі отандық және шетелдік техникалармен 63 пайыз жаңарды. Азық-түлік бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету үшін өнім сақтайтын кемінде екі қойма салу көзделуде. Қазірдің өзінде Шиелі кентінде жобалық құны 170 млн теңге болатын сыйымдылығы 700 тонна көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, мұздатқыштарды орнату жұмыстары жүргізілді.

Жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында өткен жылы бірқатар жоба іске асырылған. Атап айтқанда, Шиелі кенті мен ауылдық елді мекендердегі 28 көшені орташа жөндеуге «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 565 млн теңге бөлініп, жұмыстар толық аяқталған. Жоба құны 1 млрд 555 млн теңгені құрайтын, аудан орталығының күре жолдары саналатын 9 көшенің 12,1 шақырымына күрделі жөндеу жүргізілуде, жұмыс биыл аяқталады. Сондай-ақ ауызсу, аяқсу, елді мекендерді газдандыру, тұрғын үймен қамту, құрылыс, білім, денсаулық, мәдениет салалары бойынша да ауқымды жұмыстар бар.

ҚАЛА БЮДЖЕТІ ЕКІ ЖЫЛДА ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аудандардың даму жоспарын қарау жөніндегі кеңесте Қызылорда қаласында атқарылатын жұмыстар талқыланды.

– Өткен жылы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Қызылорда қаласының өсу динамикасы тұрақты деңгейде сақталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 108,7% орындалып, 232,9 млрд теңгені құрады. Бюджет 98,5% игерілді. Қаланың өз кірісі 2022 жылы 16,7 млрд теңге болса, 2023 жылы 6,7 млрд теңгеге өсті. Біз облыс орталығының дамуына басымдық берудеміз. 2022 жылдың басында қала бюджеті 51,6 млрд теңге болса, екі жылда бас шаһарымызға бөлінген қаржыны екі есе өсірдік. Өткен жылды Қызылорда қаласы 95,1 млрд теңгемен қорытындылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кеңесте қала әкімі Серік Қожаниязов биыл салынатын нысандар туралы айтып, халыққа қажетті жаңа жобаларды ұсынды.

Биыл Қызылорда қаласының бекітілген бюджетінде жалпы құны 23,6 млрд теңгені құрайтын 78 жобаға қаржы бөлінді. 78 жобаның 52-сін толық аяқтауға 15,1 млрд теңге, 21 өтпелі жобаға 6 млрд 757,6 млн теңге қаралған. Сол жағалаудан облигация арқылы 7 қабатты 6 тұрғын үй және 200 пәтер сатып алуға қажетті қаражат бөлінуде.

Жол, көпір, Яссауи, Көшербаев көшелерін қайта жаңғырту, Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі көше құрылысы, Тәуелсіздік даңғылынан «Қызылжарма» каналы арқылы автожол көпірін салу жоспарлануда.

Кеңесте биологиялық тазарту станциясына және «Бәйтерек» тұрғын ауданын газбен, сумен жабдықтауға қаржы сұралды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен облыс орталығында жалпы құны 5,8 млрд теңгені құрайтын 11 жоба республикалық бюджетке ұсынылып, бүгінде оларды бастауға 647 млн теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд теңгеге өтінім ұсынылды. Облыстық бюджеттен қаржыландыруға 586,7 млн теңге қаржы қажет. Оған Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің инженерлік инфрақұрылым желілері жаңартылып, жол салынбақ.

Сонымен қатар, облыстық бюджетті нақтылау барысында бөлінген қаржыға бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылады.

Шаһар басшысының айтуынша, биыл облыс орталығында 78 жоба іске асырылмақ. Оған қоса, құны 24 млрд 361,2 млн теңгені құрайтын 55 жаңа жоба әзірленді. Оның ішінде жарықтандыру, тұрғын үй құрылысы, абаттандыру, жол құрылысы, көшелерді қайта жаңғырту, спорт алаңдарының құрылысы, ауызсу және кәріз желілері, газбен жабдықтау, электр желілері бойынша жобалар бар.

Баяндама соңында Серік Қожаниязов бірқатар жобаларға қолдау көрсетуді сұрады. Атап айтқанда, Сырдария өзенінің сол жағалауында коммерциялық үй-жайлары бар 5 қабатты 10 тұрғын үй және 7 қабатты 6 тұрғын үй, электрмен жабдықтау желілері, «Жайлы мектептердің» («Арай», «СПМК», Сол жағалау, әл Фараби, «Бәйтерек») жан-жағын асфальттау, «Бәйтерек» тұрғын ауданын газдандыру, электр және ауызсу жүйелерін жүргізу жобасы бар. Кварталішілік газ құбырлары желісін салу, Жаппасбай батыр көшесін, «Қызылорда-Құмкөл» трассасын қайта жаңғырту, «Сабалақ» саяжайына газ құбырын тарту жобаларының да тұрғындар үшін маңызы зор. Аталған жобалардың жалпы құны 15 млрд 293 млн теңгені құрайды.

Кеңес отырысында облыстық басқарма басшылары қала әкімі ұсынған жобалардың тұрғындар үшін тиімділігін, қажеттілігін сараптады. Жобалар жұртшылықтың өмір сүру сапасына оң әсерін тигізуі тиіс.

Жиын соңында аймақ басшысы қоғамдық-саяси ахуалды зерделеу қорытындысына тоқталды. Қала әкіміне жол қозғалысы қауіпсіздігі мен қоғамдық көлік жұмысын реттеу, экологиялық жағдайды жақсарту, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету тапсырылды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен аудандардың даму жоспарын қарау жөніндегі кеңес отырысында Сырдария ауданының бағыт-бағдары белгіленді. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев ұсынған жобалардың тиімділігі талқыланып, алдағы атқарылатын жұмыстардың маңыздылары сарапталды. Аймақ басшысы Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылғы қорытындыларына тоқталды.

Аудан әкімі инфрақұрылым желілерін дамыту бойынша халыққа қажетті жаңа жобаларды ұсынды. Оның айтуынша, 2024 жылға құны 12,6 млрд теңгенің 27 жобасы әзірленген, 7,5 млрд теңгенің 17 жобасына республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 3,5 млрд теңгеге жұмыс жүргізіледі.

Инженерлік инфрақұрылым жеткізу бойынша 2 жоба іске асырылуда. Тереңөзек кентіндегі жаңа шағын аудандардың жолына қиыршық тас төсеу былтыр басталған, биыл толық аяқталмақ.

Сонымен қатар Н.Ілиясов елді мекеніндегі жаңа шағын ауданның қиыршық тас жолының, электрмен жабдықтау және су жүйесінің жобалары демеушілік есебінен дайындалды. Қаржыландыру үшін облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына бюджеттік өтінім жіберілді. Жоба іске асқанда алаңдар дайындалып, 80 жер учаскесі тұрғындарға табысталады. Қазіргі таңда жер кезегінде 117 адам бар.

Елді мекендерді ауызсумен қамту бойынша 4 жоба іске асырылуда. Тереңөзек кентінде құны 108,5 млн теңге болатын 2 жоба және «Шаған» ауылында құны 50 млн теңге болатын 1 жоба өткен жылы басталды, биыл бітеді. Ал Амангелді ауылының ауызсу құбырларын жаңартуға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 59,5 млн теңге қаржы бөлінді. Құрылыс жұмыстары наурыз айында басталады.

Газдандыру бойынша 3 жоба жүзеге асырылады. Өткен жылы С.Сейфуллин және А.Тоқмағанбетов елді мекендерін газдандыру басталды. Биыл «Шаған» елді мекеніне газ кіргізуді бастауға республикалық бюджеттен 100 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек, Н.Ілиясов елді мекенін газдандыру жобасы демеуші көмегімен әзірленіп, тиісті бюджеттік өтінім ұсынылды. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Аманкелді, «Жетікөл» және «Айдарлы» ауылдарын газдандыру мәселесі зерделеніп, демеушілер есебінен жоба әзірленуде. Ол 2025 жылға қаржыландыруға ұсынылады.

Электрмен қамту бойынша 2 жоба іске асырылуда. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Шаған» елді мекенін электрмен қамту жұмыстары аяқталып, Қалжан ахун елді мекенінде осындай жұмыстар басталмақ. А.Тоқмағамбетов елді мекенін электрмен қамтуға демеушілікпен құны 431,8 млн теңгенің жобасы әзірленген. Жоба облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына ұсынылды. Сондай-ақ зерделеу барысында Тереңөзек кенті мен С.Сейфуллин елді мекендерінің электр желілері 1970 жылдары жүргізіліп, тозығы жеткені анықталды. Аталған елді мекендер бойынша 2025-2026 жылдарға бюджеттік өтінім ұсынылмақ.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл 13 көше, атап айтқанда, «Қоғалыкөл» ауылында 6 көше, С.Сейфуллин ауылында 6 көше және Қалжан ахун ауылындағы 1 көше күрделі жөндеуден өтеді. Тереңөзек кентіндегі 8 көшені күрделі жөндеу жобасын қаржыландыруға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданды.

Тереңөзек кентіндегі тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны құрылысына облыстық бюджеттен 475,5 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жүргізілуде. Сонымен қатар, теміржол арқылы жаяу жүргіншілер өтетін аспалы көпір жобасын дайындау қажет.

Кәріз жүйесі Тереңөзек кенті тұрғындары үшін өте маңызды. Бүгінде қолданыстағы кәріз жүйелерінен ақкан суды айдайтын 5 КНС бар. Кентті толық қамту үшін қосымша 5 КНС қажет. Жоба іске асқанда 39 әлеуметтік, кәсіпкерлік нысан және 664 жеке тұрғын үй кәріз жүйесіне қосылады.

Аудан орталығында 80 орындық балабақша салу қажеттілігі туындауда. Қазір 1972 жылы салынған ескі мектеп ғимараты балабақшаға лайықтандырылған. Балабақшада 2 топта 50 бала тәрбиеленуде, кезекте 30 бала бар. Ауданда маңызды іс-шаралардың басым көпшілігі Орталық стадионда өткізілгендіктен,

көрерменге қолайлы болу үшін стадионға шатыр жабындысын салу ұсынылды. «Ауыл – ел бесігі» жобасымен Тереңөзек кенті А.Иманов көшесі бойындағы көпқабатты тұрғын үйлер аулаларын қайта жаңғырту жобасына республикалық бюджеттен 60,3 млн теңге қаржы бөлінді. Құрылыс жұмыстары наурыз айында басталады. Сондай-ақ Тереңөзек кентіндегі Қ.Бөдеев көшесіне тротуар мен науа салу үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданды. Тереңөзек кентінің орталығындағы 18,4 шақырым 10 көшенің жаяу жүргіншілерге арналған жолын, кентке кіреберіске «Жастар аллеясын» салу және «Тағзым алаңын» абаттандыру жобаларына қолдау сұралды.

Кеңес отырысында облыстық басқарма басшылары жобалардың маңызына, тиімділігіне тоқталып, ұсыныстар хаттамаға енгізілді. Сырдария ауданының шаруашылықтары облыс орталығына жақын орналасқандықтан, жобалар ұсынуда осы артықшылық ескерілуі тиіс.

Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы жүргізілген талдаудың нәтижесін атап айтты. Аудан тұрғындары азық-түлік, халық көп тұтынатын тауарлар бағасының және коммуналдық қызмет тарифтерінің жоғарылығына алаңдайды. Мұнан бөлек, қоғамдық көлік, жаяу жүргіншілерге теміржол өткелінен өтуге қолайлы жағдай жасау мәселесін бақылауға алу қажет. Аудан әкіміне аталған мәселелерді қадағалап, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету тапсырылды.

БРИФИНГ

Жаңақорған: ЖАҢА БАСТАМАЛАР КӨП

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жаңақорған ауданының әкімі Мұрат Тілеуімбетов ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарларына тоқталды. Ауданның 35 елді мекені орталықтандырылған таза ауызсумен қамтамасыз етілген. Суды жинау, өңдеу және бөлу бойынша қызмет көрсететін 2 кәсіпорын бар, оның екеуі де мемлекет меншігінде.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

Тұрғындарды таза ауызсумен қамту мақсатында былтыр республикалық бюджеттен 2,6 млрд теңге қаржы қаралып, «Тақыркөл» су қоймасының магистральді су өткізгішінің екінші желісі, «Талап» топтық су құбырын кеңейту, «Қожамберді», «Сүттіқұдық», «Жайылма» ауылдарының ауызсу жүйелері жаңғыртылуда. Аталған жобаларды аяқтау үшін биыл да облыстық бюджеттен 147,7 млн теңге және Ұлттық қордан «Келінтөбе» ауылының ауызсу жүйесін жаңғыртуға 125,5 млн теңге бөлініп отыр. Осы жобаларды сәтті аяқтасақ, аудан халқының таза ауызсу тұтыну көрсеткіші 100 пайыз жақсарады.

Ауданның көркеюінде инфрақұрылым мен жолдардың саны да, сапасы да маңызға ие. Осы орайда аудандық маңыздағы 192 шақырым жолдың қанағаттанарлық деңгейі 96,1 пайызға, елді мекендердегі 590 шақырым 519 көшенің қанағаттанарлық деңгейі 56,1 пайызға жетіп отыр. Былтыр 38 көше жөндеуден өткен. Асфальтталған сапалы жолдарды көбейту мақсатында биыл да «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 532 млн теңге бөлініп, Жаңақорған кентіндегі 4 көшеге (А.Иманов, Ы.Алтынсарин, М.Жаппаров, О.Ильясов) күрделі жөндеу жасалмақ. Жаңақорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпір құрылысының жарамдылығына сараптама жасалып, пайдалануға жарамды деген қорытынды алынды. Қазір демеуші есебінен жоба дайындалып, сараптамадан өткізілуде. Биыл облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, көпір құрылысын аяқтау мақсаты да жүзеге асырылмақ.

Ауданның кәсіпкерлік саласы да тың жобалар мен жаңалықтардан құралақан емес. Түрлі кәсіпкерлік, басқа да жобалар мемлекет қаржысын күтпей, демеуші арқылы жанданып келеді. Бүгінде бірнеше инвестициялық жобаның іске асырылуы күтілуде. Айта кетейік, «Абдулла» шаруа қожалығының жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіретін фабрикасын іске қосу осы жылға жоспарланып отыр. Қазір арнайы қызмет көрсететін техникалар алынды. Жаңа кәсіпорын облыс халқы тұтынатын құс етінің 33 пайызын бермек, 120 адам жұмыспен қамтылады.

Уран өндірісімен айналысатын «Қызылқұм», «Байкен-U», күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-U» ЖШС, қорғасын-мырыш кенін өндіретін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ, қиыршық тас өндіретін «КДСМ Қыран», «УАД», «Сарман Тастақ Жаңақорған», әк өндіретін «Премиум Класс-Строй», «ОСТ», «Қуат Әк» кәсіпорындары заман талабына сай жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды қолдану арқасында табыс әкеліп отыр.

– «Қызылорда AGROPlus» ЖШС-нің қуаты жылына 24 мың тонна томат пастасын өндіруге жетеді. Серіктестік 2995 гектар жер телімін 7 жыл мерзімге жалға алған болатын. Өткен жылы Украина мемлекетінен арнайы агроном шақыртылып, тағы да 5 гектар алқапқа тәжірибелік қызанақ егіліп, өнім жиналды.

Томат пастасын өндіру зауытын 2025 жылға іске қосу жоспарланып отыр. Бүгінде 30 гектар жер телімі, жобасметалық құжат жасау үшін газдың, электр энергиясының техникалық шарттары алынды. Жоба-сметалық құжаттар мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Қорытындысы жақын уақытта шығады деп күтудеміз, – деді аудан басшысы.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде отыз жыл еңбек етіп, ғылым мен рухани салада өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған азаматтың бірі – Мұратбек Кенжебайұлы Әйтімов. Ұстаздық пен ғалымдықтың тізгінін тең ұстаған оның кісілік келбеті, адами болмысы, жан әлемі бөлек. Бұлайша сенімді айтуымызға ғылыми кеңістіктегі шәкірттеріне берген кеңесі мен бүгінгі өзіндік сүрлеуі, біраз жылдан бергі әріптестік жолымыздың ортақтығы дәлел бола алады.

АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАСҚАН

Өмірде шынайы, еңбекқор ғалымдар еңбегін жарнамалауды ұната бермейді. Ұстаздығы мен ғалымдығын кәсіби жұмысым, күнделікті атқаратын ісім деп санайды. Бұндай адамдар табиғатынан өте қарапайым, «ұлылық – қарапайымдылықта» деген қағиданы қатаң ұстанатындықтан болар, публикадан алшақ жүреді. Бірақ үндемей, асықпай, аптықпай-ақ, өзінің жауапкершілігін тиянақты атқарып, міндеті мен мақсатына адалдығын көрсете алады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Кенжебайұлы Әйтімов сондай жан.

Ол ауыл мектебін жақсы бітіріп, 1978-1982 жылдары сол кезде Н.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институт аталған оқу орнының филология факультетінде білім алады. Студент қатарына қабылданған жылы Білім министрлігінің арнайы қаулысына сәйкес педагогикалық мамандықтарға ер балаларды көп қабылдау ұстанымы басталған кезге тура келеді. Мұратбек Кенжебайұлы қабылданған К-118 оқу тобында 11 жігіт 15 қыз бала білім алады. Мемлекеттен бөлінген орын саны – 25. Бір студентті үміткер (кандидат) есебінде қабылдап, бәсекенің жоғары екенін, сабақ үлгерімі төмен болған жағдайда оқу орнынан шығарылатынын қатаң ескертеді. Міне, сол кезеңнен бергі қатал тәртіп, әр жұмысты жүйелі жоспар арқылы орындау, сабаққа кешікпеу дағдысы қалыптасқан. Оның үстіне арман қуып келген жігіттің асқақ мақсаты әкесі сияқты ұстаз атану болғаны анық.

Әкесі Кенжебай Әйтімұлы арнаулы орта білімі бар бухгалтер болса да, еңбек жолын сонау соғыс жылдарында (1943-1949 жылдар аралығында) ауыл мектебінде ұстаздық етуден бастаған. Анасы Фарида Тереңөзек қыстағында аудандық білім беру басқармасын басқарған, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, хабар-ошарсыз кетіп, елге қайта оралмаған Райымқұл Бисариевтің қызы. «Жігіттің жақсы болуы нағашыдан» деген тәмсілді негізге алсақ, бала Мұратбектің ұстаздық жолды таңдауы тегін болмаса керек.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөлімінде оқыған жылдары есімдері елге танымал ұстаздардың алдын көрді. Атап айтар болсақ, ғұлама ғалым Әуелбек Қоңыратбаевты, филология ғылымдарының кандидаты Айнаш Шамшатованы, Әнес Жақыповты, Медеуәлі Бимағамбетовті, Әбжаппар Әбілақовты, Нұртай Нұржановты ұстаз деп танып, білімін алған бақытты ұрпақтың бірі. Әр ұстазының өз пәнінен оқыған дәрістері, ғылыми зерттеулерге, педагогикалық-әдістемелік шеберлікке баулығанын үнемі жадында ұстайды. Аты аңызға айналған ғалым Әли Байжолов тәлімгерлік еткен топта білім алған жылдарын «Жақсының басқан ізі – алтын» дегендей, мен жасымнан жақсыларға жақын жүруге тырыстым. Жамандық ойлайтын жандардан бойымды аулақ ұстадым. Ұстаздарымның әр дәрісі әлі күнге дейін есімде, солардың атына кір келтірмеуге тырыстым», – деп сағынышпен еске алып, ризашылығын білдіреді.

Ол еңбек өтілінің басталуынан қазіргі кезге дейін педагогикалық еңбек үдерісімен қалыптасқан ұстаз. Әуелі қазіргі Жалағаш ауданындағы №232 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды. Өзі еңбек еткен педагогикалық ұжымындағы сапалы жұмыс көрсеткіштерімен әріптестеріне де, аудандағы басшыларға да танымал болған 1986-1993 жылдары Жалағаш ауданының «Жаңадария» ауылындағы №203 орта мектеп ұжымының сайлауымен директор қызметіне тағайындалғанда бар-жоғы 26 жаста екен.

Мұратбек Кенжебайұлының жоғары білім беру жүйесіне келуі де уақыт талабына сай шешуші қадам болды. Оның ғұмырнамасындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, доценті, оқу-әдістемелік бөлімінің бас әдіскері, «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасының меңгерушісі, үздіксіз білім беру және мамандар біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары қызметтерін атқарғаны өзіндік үлесін айқын танытады.

Орта білім беру жүйесінде мол тәжірибе жинақтаған соң жоғары білім саласында да әдебиет ғылымының тың бағытына қызығушылық танытып, білікті мамандарды даярлау ісінде де үнемі жаңашылдық ізденістерін жалғастыра берді. Университетте ұстаздық және басшылық қызметтер қатар атқара жүріп, аспирантурада, докторантурада білім алды, зерттеу жұмысындағы ғылыми тұжырымдарын нақтылай түсті. Нәтижесінде 1998 жылы профессор Б.Майтановтың жетекшілігімен «Қазақ повесіндегі лиризм» тақырыбында кандидаттық, 2010 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегеновтің ғылыми кеңесшілігімен «Қазіргі қазақ романы: тарихи шындық пен көркемдік шешім (XX ғ. 90-жылдары мен XXI ғ. бас кезі)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Бүгінде оның ғылыми жетекшілігімен PhD докторлық диссертация дайындалу үстінде, 40-тан аса магистрлік диссертацияға жетекшілік жасап, әдебиет саласының тың тақырыптарын зерттеуде ақыл-кеңес беріп жүр. Қазіргі қазақ прозасы, Тәуелсіздік жылдардағы қазақ романы, жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті тақырыптары аясында 250-ден астам ғылыми мақаланың, 2 ғылыми монография мен 3 оқу құралының авторы. Ол әдебиеттегі прозалық туындылардың (повестердің, романдардың) поэтикасындағы лирикалық, психологиялық, тарихи ерекшеліктерді ғылыми-теориялық тұрғыда кешенді талдап, жаңаша бағалаған зерттеуші-ғалым.

Профессордың 30 жылдан бергі еңбегі дер шағында бағаланып, Ы.Алтынсарин атындағы медальмен, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қорқыт ата Алтын медалімен, «Үздік түлек» медалімен марапатталды.

Зайыбы Құрманкүл Әбілқасымқызы екеуі – үш ұл, екі қыз тәрбиелеп, Құдайдың берген немерелерінің қызығына сүйсіне қарап отырған үлгілі отбасы иесі. Ол бүгінде «Жүгіріп шығар төбе көп, асу бермес шың қиын, қартайған шал елде көп, ақсақал болу тым қиын», деп ой түйіп, жауапкершілігі жоғары ақсақалдықтың ауылына атының басын бұрды.

Шығыстың ұлы ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәңгі болмағы, оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде» деген екен. Осы жазбамыз арқылы ұстаз-ғалымның мерейін көтеріп, әлі де ғылымға бергені де, берері де мол жанымыздағы жақсы адамның жаңа белесіне шәкірттік пейіл, әріптестік ілтипат білдіруді азаматтық парыз санадық. Ұстанымы айқын ұстаз, ғалымға өмір жасыңыз ұзақ, деніңіз сау, отбасыңыз аман болып, немереден шөбере көру нәсіп етсін деген тілек білдіреміз!

Аягөз ӘБДІРАЗАҚОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, баспа ісінің магистрі

9 АҚПАН – М.МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Ақынмен кездескен сәт әлі есімде

Фото: Ашық деректерден

Ташкенттегі республикалық орыс тілі мен әдебиеті педагогикалық институтының 4-курсында оқып жүргенде 1969 жылы отбасы жағдайына байланысты сырттай оқу бөліміне ауысуға мәжбүр болдым. Педагогикалық қызметімді сол жылы «Арал» совхозындағы №57 орта мектепте мұғалім болудан бастадым. Келесі жылдың көктем айларының бірінде сол кездегі мектеп директоры Ізатулла Сұлтамұратов: «Қазір ауылдық кеңестің кеңесінде ақын Мұқағали Мақатаевпен оқырмандардың кездесуі болады. Соған қатысасыздар» деп, сабақтан босаған 10-15 шақты мұғалімді өзі бастап жиын өтетін жерге алып келді. Әртүрлі жиналыс, мәжіліс, іс-шаралар өткізуге арналған жұпынылау жабдықталған «Қызыл отау» аталатын шағын бөлмеге келіп кірдік. Қабырғаны жағалай қойылған орындықтарда он шақты адам отыр екен. Жиналған адам қарасы бізді қосқанда бас-аяғы жиырманың о жақ, бұ жағында ғана болды.

Көп кешіктірмей қызыл матамен көмкерілген төрдегі столға аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы Атабай Қылышбаев пен ақын Мұқағали Мақатаев келіп жайғасты. Аупартком өкілі ақынның өмірбаянымен таныстырып, оның шығармашылығына қысқаша шолу жасап, сөз кезегін өзіне берді. Мінбеге жаратылысынан мол пішілген денелі, қою қара шашын шалқалай артына қайырған, жазық маңдай, жанары отты, әлі 40 жасқа да тола қоймаған жігіт ағасы Мұқаң көтерілді. Ол «ақынға қара сөзден өлең оңай» дегендей, зор даусымен бірден өлең оқуға көшті. Ойыңды байытып, сезіміңді оятып, қиялыңды қаныттандырып, көкке өрлеткен, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін жыр шумақтарын автордың өзі нақышына келтіріп оқығанда, тыңдаған сайын тыңдай бергің келеді. Ол өлеңдерін ұзақ оқыды. Мұқағалидың мінсіз өлеңдерін тыңдаған сайын әдемі ән тыңдаған сияқты рухани ләззат алып, толғанып, тебіреніп отырдық.

Жүрегіңді жарып шыққан туындыңды оқырман жүрегіне әдемі қалпында жеткізе білу де үлкен өнер екен-ау өзі. Дикция қандай! Интонация қандай! Дауыс тембрі ше?! Ақынның өзі оқып тұрған өлеңдеріндегі ең шырайлы, ең шұғайлы сөздер мен сөз тіркестеріне логикалық екпін түсіруі де мүлде бөлек. Қанша айтқанмен Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарған адам ғой. Ол өлең оқығанда құдды бір мәнерлеп оқудың арнаулы курсын бітірген көркемсөз шебері сияқты лирикаға мөлтілдеп тұнып тұрған тұнық, мөлдір өлеңдерін мейірімді де сүйкімді, нәзік те жұмсақ, қоңыр даусымен жеткізсе, патриоттық тақырыптағы жырларын оқығанда қырандай сұңқылдап арқаланып, шабыттанып кететін сияқты көрінді маған. Осылайша, ақын біршама өлеңдердің басын қайырып, өз орнына келіп отырды.

Мен мектеп директорының оң жағынан орын алып, жыр оқылып жатқанда өзімнің студент кезімнен қалыптасқан әдетім бойынша ақын өлеңдерінің кейбір шумақтарын үлгергенімше қойын дәптеріме жазып отырғанмын.

– Ал енді кезекті оқырмандарға берейік. Ақын шығармашылығына байланысты кімде қандай ой, тілек, ұсыныс-пікір бар? – деп Атабай Қылышбаев отырғандарды көзімен бір шолып өтті. Зал тым-тырыс.

– Сен шығып сөйлейсің! – деді директорым мені түртіп қалып.

– Ағай, мен Мақатаев поэзиясымен жақсы таныс емеспін. Сөйлемеймін, – дедім.

Ізатулла ағамыз қызық адам еді ғой, жарықтық. «Сөйлейсің!» деді де, сол жақ санымды саусақтарын батыра оңдырмай шымшып алды. Орнымнан ұшып тұрып, мінбеге қалай жетіп барғанымды білмей де қалдым. Институт аудиториясынан жаңа ғана шыққан, поэзиясымен оншалықты таныс емес маған заңғар ақынның алдында аяқастынан сөйлеу оңай болсын ба?! Бірдеңелерді айтқан болдым. Не айтқаным есімде жоқ. Есімде қалғаны:

– Құрметті Мұқа! Экологиялық апаттың нақ кіндігінде орналасқан Арал өңіріне келген қадамыңыз сәтті болсын. Ауданның балықшылары мен малшылары, тұзшылары қалыптасқан қиыншылықтар мен түйіні шешілмеген әлеуметтік мәселелерге қарамастан, теңіздей тасыған ел байлығына тамшыдай болса да еселі еңбектерімен өз үлестерін қосуда. Осы сапарыңызда сізге киелі Арал топырағы шалқар шабыт сыйлап, жаңа туындыларыңыздың өмірге келуіне себепкер болсын деген мағынада тілегімді жеткіздім. Сөз соңында ақынның «Ей, Табиғат!» атты өзі жаңа ғана оқыған өлеңінен үлгеріп жазып алған:

– Ғұмыр бердің шоп-шолақ,
шара бар ма?!
Ей, Табиғат! Барыңды маған арна!
Неше мың жыл неге
мен жасамаймын,
Мың жыл жасап жүргенде
қара қарға?! –

деген жыр жолдарын қайта оқыдым. Міне, ақын аға, сіздің тәрбиелік мәні зор, өміршең шығармаларыңыз ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өзіңіз жырлағандай, мыңдаған жылдар жасайтын болады. Біз бұған нық сенімдіміз, – деп мінбеден түстім. Ол орнынан сәл көтеріліп: «Рахмет, айналайын!» деп қолын ұсынды. Осылайша маған ұлы ақын бейнесін көріп, дауысын есіту бақыты бұйырды.

Содан бері арада 53 жыл, жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Біз кішкентай жүрегіне кең дүниені сыйғыза білген, қазақ поэзиясының әдеби кеңістігіне еркін құлаш ұрған, жұлдыздай жарқыраған талантты ақынның өлең-жырларын іздеп жүріп, сүйсіне оқыдық.

Бүгінгі күні арада осынша уақыт өтсе де, ақын кітаптарын қолыма алып парақтаған сайын, сол бір ұмытылмас жүздесу ойыма оралады. Әдетте елге белгілі ақын-жазушылармен, спорт, өнер майталмандарымен кездесу дегеніміз мәдениет, клуб үйлерінде дүркіреп өтпеуші ме еді? Ал Мұқағали сияқты поэзия алыбымен, жоғарыда атап өткенімдей, поэзия көгіне енді ғана қанат қаққан, аты әдеби ортаға беймәлім жас талант иесімен кездескендей өте жұпыны жағдайда басқосу сол кешке қатысқан баршамызды ойландырғаны рас еді.

Сол күні әдебиет атты киелі кеңістіктің төрінен өзінің лайықты орнын алып үлгерген, алыстан ат арылтып, Аралға асығып жеткен ғажайып ақынға неғып лайықты сый-құрмет көрсете алмадық? Пір тұтатын ақынымызға аудан орталығында жырсүйер қауымды жинап, бір әдемі, әдеби кеш ұйымдастыруға болмас па еді?! Әрине, болады. Әлде бұл мәселеге аудандық партия комитеті мән бермеген бе? Жоқ, олай емес-ау, шамасы. Меніңше, сол бір кездері шаршап, шалдығыңқырап, қамығып-жабығып жүрген ақынның өзінің айтуымен жақын маңдағы елді мекендердің бірінде кездесу кешін өткізу асығыс түрде ұйымдастырылған сияқты. Оның күнделіктерінде, замандастарының естеліктерінде жазылғандай, бұл уақыт Мұқағали тағдырының алағай да бұлағай кезеңі болатын. Иә, оның тағдыры өте күрделі болды. Азғантай ғұмырында қайғы мен қасіретті көп көрді. Азапты, дертті күндері көп болды. Дос деген адамдардың өзі Мұқаңнан бойын аулақ ұстауға тырысты. Бірі кеудесінен итерсе, бірі аяғынан шалды. Партиядан шығарылып, жұмыссыз қалды. Жазушылар одағы мүшелігінен аластатылды.

Оны осындай беймаза өмір әбден ашындырды, ызаландырды. Күндестік, қызғаныш пен көреалмаушылық жанын жегідей жеп, жігерін жасытты. Қамыққан, жабыққан пенде ретінде, өзін арбаның бесінші доңғалағы санады. Тым әсіреші де сезімтал, өте сыршыл да мұңшыл, нәзік ақын жанының жазықсыз жараланғанын көру қандай өкінішті?!

Дегенмен кейбір сәттерде пендешілікке салынып, әлсіздік танытқанымен, күрескер ақын өлең жазуын еш тоқтатқан жоқ. Жанайқайын ұққан, түсінген Фаризаға мұң шаққан Мақатаев:

– Білмеймін, бұзықпын ба,
жындымын ба?!
Кеп тұрады тілегім мұңды-мұңға.
Енді қалған өмірдің құрдымында,
Өлтірсе де көмбеймін жырды құмға!

– деп асқақтаған арманмен, шалқар шабытпен махаббат, өмір, Отан, табиғат тақырыбындағы жаңа жырларын төгілте жаза берді, жаза берді... Қазақ оқырманы күйбеңі таусылмайтын тіршіліктен жалығы бастағанда шерлі, қасіретті, назалы ақынның қуатты жырларына үңілді. Бүкіл өмірді, өмірдегі барлық құбылысты ақын көзімен көре білетін оның мұңды, сырлы өлеңдерінен рухани ләззат алып, жанына дауа тапты.

«Қызыл отаудағы» әдеби кешіміз аяқталды. Біз келген қонақтармен ілесіп, сыртқа беттедік. Үлкен жүректі, дүлдүл ақынмен қол алысып қоштасып, оның мінген көлігі көзден ғайып болғанша сыртынан ұзақ уақыт қарап тұрдық.

Иә, ол аз ғұмыр кешті.
Небәрі 45 жыл.
...Кім біледі...
Ендігі қалған өмір,
Неше жылға жетерін,
Неше күнге?
Ұмыт болып есебің, өсегің де,
Ұйықтап кетсем болғаны төсегімде,
Қырықтың бесеуінде, –

деп жырлаған М.Мақатаев өзінің дәл осы жаста бақилық болатынын осындай жыр шумақтарымен болжап айтып кетті.

Маған алып ақын өзінің көзі тірісінде, қалған санаулы ғұмырында барын халқына беруге асығып бара жатқан сияқты болып көрінді.

– Айтылған жоқ өмірге ғашық әнім,
Қашан айтам, қашан
мен басыламын?!...
Айта алмай қалам ба деп ашынамын,
О, муза!
Мен бір жаққа асығамын.

Иә, бізге беймәлім бір жаққа тым ерте асығып кетті ол...

Әнес ӘУЕЗОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Арал қаласы

ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІ ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Былтыр өңірде 423 бизнес-жоспар әзірленіп, нәтижесінде 168 жоба қаржыландырылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық айтты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жобасы аясында аудандық филиалдар кеңесшілері азаматтарға кеңес берген. Сондай-ақ кеңесшілердің сүйемелдеуімен 382 жоба қаржыландырылған.

– Өткен жыл өңір кәсіпкерлері үшін табысты болды. Кәсіпкерлер палатасы әр сала бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізді. Мәселен, кәсіптік оқыту, оның ішінде SMM бойынша 46 әйел, тігін өндірісінде 20, ұн және кондитерлік өнімдерді дайындауда 41 әйел оқыды. Ал «Бір ауыл – бір өнім» жобасы негізінде 3 жеңімпаз анықталды. Бүгінгі күні көкөніс, бау-бақша, жылыжай шаруашылығы және сүт өндеу бағыттары бойынша 40 кәсіпкер оқытылды, – деді ол.

Облыстық кәсіпкерлер палатасында 5 салалық кеңес жұмыс жасайды, ол 174 кәсіпкерді қамтып отыр. Өткен жылы кәсіпкерлерден 359 өтініш келіп түскен. Оның 223-і бизнесті қорғау бағытындағы арыз болса, 106-сы оң шешімін тауып, 19-ы қаралуда. Қалған 98 өтініш бойынша тиісті түсіндірме берілген.

– Адами капиталды дамыту және бизнестің әлеуметтік саясаты, агроөнеркәсіп кешені, сауда, қоғамдық тамақтану, өнеркәсіп салаларында да оң өзгерістер бар. Соның ішінде елішілік құндылық және құрылыс комитеті бойынша атқарылатын жұмысқа ерекше тоқталғым келеді. Өздеріңіз білетіндей, «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2023-2025 жылдары 15 100 орынға арналған, құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Биыл 9 мектептің құрылысын салатын мердігер мекемелер анықталды. Атап өтсек, «Алтын айдарлы», «Аман-Құрылыс», «АБУ-СЕР», «Бақ-Береке 2030», «Асар», «Сәт Сервис», «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС жеңімпаз болды. Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді тарту көзделіп отыр. Осы орайда, негізгі талап – СТ-КЗ немесе өнеркәсіптік сертификат негізінде өнімдерді жоба-сметалық құжаттамаға енгізу, – деді Пірмұхаммед Сыздық.

ЖЕКЕ ҚҰРАММЕН КЕЗДЕСУ

ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен аймақтық орган қызметкерлері КСРО және Қазақстанның Халық артисі, Қазақстанның Еңбек ері Асанәлі Әшімовпен кездесті.

Отандық кинематография мен театр өнерінің мәтрі өзінің шығармашылығы, ойлары, алдағы жоспарлары туралы сыр шертті.

Қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген, көрерменнің жүрегінен орын алған «Қыз Жібек» фильміндегі Бекежан, «Атаманның ақырындағы» Шадияров, барлау, қарсы барлау қызметі туралы түсірілген, бүкілодақтық 11-кинофестивалінің жүлдегері «Транссібір экспресіндегі» Қасымханов рөлі туралы қойылған сауалдарға жауап қайтарды.

«Атаманның ақыры» және «Транссібір экспресі» фильмдері түсірілгеннен кейін артистке КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылығы «Құрметті чекист» атағын табыстаған. Асанәлі Әшімов «Менің жанрым – күнделік» кітабы мен фильмдер жинағын департаменттің жеке құрамына табыстады.

Кездесу барысында ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полковник С.Досмағамбетов қадірменді қонақтың Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері арасында патриоттық тәрбиені нығайту мақсатындағы кездесуге келгеніне алғысын білдіріп, актерге арналып шығарылған «Аңыз адам» атты өлеңді тарту етті.

Кездесуді қорытындылаған ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті бастығының міндетін уақытша атқарушы, Ұлттық қауіпсіздік полковнигі Е.Замишев бұл аймақтық орган қызметкерлері үшін пайдалы кездесу болғанын атап өтіп, ұйымдастырған ардагерлер кеңесіне алғысын білдіріп, Асанәлі Әшімовке сый-сияпат көрсетті.

«СБ» ақпарат

«ҚАРА ТІЗІМ» қақпаны

Фото: Ашық дереккөзден

Негізі мамандар несиеге 24-28 пайыз үстеме қосып, қайтарылмаған несиелерге елде жоқ пайызбен өсімпұл жүктеу біздің елде ғана бар үрдіс екенін алға тартады. Біздегі банктердің ұстанып отырған саясаты дамыған елдердің тәжірибесінен әлдеқашан алынып тасталған. Расын айтқанда, Қазақстан осы уақытқа дейін Үкіметтен қолдау қаржы бөліп, банктерді демеп келді. Сол арқылы өзіне проблема артып алды. Енді Үкімет қарапайым халықтың жайын ойласа, бірінші кезекте банктерден пайыздық үстемені түсіруді талап етуі керек. Бұған дейін Парламент Мәжілісінің мінберінде бірнеше депутат бұл мәселені көтерген, оны әлеуметтік желі арқылы елдің өзі де жақсы біледі, бірақ құлаққа жағатын сөздің іске асып жатқанын байқамадық.

– 2004-2005 жылдары шетелдің қаржы институттары Қазақстандағы банктерге 2 пайызбен қарыз бере бастады. Біздегі банктер 2 пайызбен алған қарызын халыққа 22-24-28 пайызбен несиеге берді. Осындай жауапсыз саясат жүргізу арқылы банктер 10-12 есе пайда көреміз деп ойлады. Алайда 2008-2009 жылдардағы дағдарыс кезінде банктердің проблемалы несие портфелі өсе түсті. Жеке тұлғалар алған қарызын қайтара алмай, бірқатар банктер дағдарысқа ұшырады. Бұл – банктер үшін өте қауіпті жайт. Мұның арты үлкен дағдарысқа апарып соқтырады, – дейді экономист Жұмаділда Баяхметов.

Төленбеген қарыз – онжылдық сарсаң

Жоғарыда «қара тізім» деген халыққа жақсы таныс атауды сөз еттік. Шынында бірінші кредиттік бюроның базасында «қара тізім» деп аталатын, несие берілмейтін азаматтар тізімі жоқ, яғни, Қазақстанда банктер мен микроқаржылық ұйымдар несие бермейді деп бекітілген клиенттердің бірыңғай тізбесін таба алмайсыз. Банктер мен микроқаржылық ұйымдар өтінімдер бойынша әртүрлі негізде шешім қабылдайды. Әр несие берушінің ішкі тәуекел саясатына және ұйымның скорингтік моделіне байланысты әлеуетті тұтынушыны тексерудің өзіндік жүйесі бар. Рәсімделген несиелер туралы деректер бір базадан алынғанына қарамастан, компаниялар оларды өзінше талдайды. Сондықтан бізде жұрттың «анау банк несие береді, мынау бермейді» деп жүретінінің себебі – осы.

Дегенмен несие беретін ұйымдар қызмет көрсетер кезде қаржылық қиындықтарға тап болған адамдарды анықтай алады. Клиенттің сенімділігін бағалау мәселесі маңызды. Өтелмеген қарыздар неғұрлым аз болса, несие берушінің шығындары да соғұрлым аз болады. Қысқасы, «қара тізім» деген дүниені әр банк өзінше жасайды, база құрып, сенімсіз клиенттердің дерегін енгізеді. Оның үстіне қарызын өтемеген немесе өтей алмауы мүмкін адамдардың дерегі сот орындаушылар мен коллекторларда да болады. Кез келген азамат бірнеше рет қарызды төлеу мерзімін кешіктіріп алса мәліметтер несие тарихында көрсетіледі. Енді оның мерзіміне келсек, жалпы несие тарихы толық көлемде 5 жыл, ал оның маңызды мәліметтері 10 жыл бойы сақталады. Міне, бар мәселе осы жерден шығады. Егер адам бұрын қаржылық мәселесімен басы қатып жүріп, несиесін кешіктірсе, алайда кейін оны толық өтеген күннің өзінде алдағы 10 жыл бойы ипотека, автонесие секілді «кішігірім бақыттың» дәмін тата алмайды. Ал қазір көп жарнамаланып жүрген несие тарихын оңалту ісі де оңай шаруа емес.

Несие тақырыбына қайта оралсақ, елдегі қарыздың басым бөлігі тұтынушылық мақсатта алынғаны даусыз. Несиеге той жасау, азғантай қаржы, тұрмыстық техника алу тәрізді дүниелер осы санатқа кіреді. Әрине, несиенің жақсы жақтары да бар, соның бастысы – баспана алу үшін ипотека оңтайлы дер едік. Не себепті?

Біріншіден, Қазақстанда баспана алуға бағытталған пайызы төмен мемлекеттік бағдарламалар бар. «7-20-25»-тің ізбасары ретінде шыққан «9-20-25» – осыған бірден-бір мысал. Екіншіден, еліміздегі тоқтаусыз инфляцияны осы тұста тиімді пайдалануға болады. Мысалы, жыл сайын теңге тауар бағамына шаққанда құнсыздана беретіні жасырын емес. 2019 жылы бір отбасы Астана қаласынан ипотекаға пәтер алып, айына 110 мың теңге төлейтін болады. Ол уақытта бұл ақшаны ай сайын өтеп отыру қиын көрінген, алайда арада 5 жыл өткенде бұл сомманы төлеу еш қиындық тудырмайды. Салыстыру ретінде тағы бір мысал айтсақ, 2020 жылы елордада 2 бөлмелі пәтер айына 120-150 мың теңге аралығында жалға беріліп келсе, қазір бұл ақшаға 1 бөлмелі пәтердің өзін жалдау қиын. Демек, ұзақмерзімді ипотека банктерге ұтылмаудың бір жолы сияқты көрінеді. Бұны жақсы түсінетін азаматтар да көп тәрізді, өйткені былтыр елімізде 116,6 мың ипотека алыныпты.

Қайткен күнде де ел азаматтарының банктер алдындағы борышының өсуі – келеңсіз құбылыс. Өз кезегінде бұл фактор қоғамның әлеуметтік көңілкүйіне әсер ететіні даусыз. Ал оның себебі банктердің жөнсіздігінде жатыр ма, әлде халықтың қаржылық сауатсыздығында жатыр ма, деп басып айту мүмкін емес.

1-бет

Синдром сыры

Күнделікті тіршілік, жұмыс пен оқу, отбасы мен даму арасында жүріп, өз жанымызға қажеттіні ұмытып кете береміз. Сондықтан жантану ғылымындағы сіз естімеген синдромдарға тоқталмақпыз.

Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»

Есейгісі келмейтіндер мен жауапкершілік алғысы келмейтіндер, отызда да бала болып қалатындар, қарымқатынастан, ертеңгі күннен қорқып өмір сүретіндерді елестетіңізші. Дәл осы типтегі адамдар «Питер Пэн» синдромына шалдыққандар қатарына енеді. Бұл туралы психолог, ғалым Мария-Луиза фон Франц өз кітабында зерттеп, синдромға әдеби кейіпкерлерден Питер Пэн мен кішкентай ханзаданы жатқызса, өмірде болған тұлғалардан Моцартты мысал еткен еді. Бұл көбіне тым еркелеп немесе ата-анасы баланың жеке шешім қабылдап, жауапкершілік алуына кедергі келтіріп өскендерде, ал бүкіл әлем бойынша әйелдерден гөрі ер адамдарда жиі кездеседі. Әр адамның жан дүниесінде еркелеп, ойнап жүре бергісі келетін балақай бар десек те, Питер Пэн синдромы – қоғамдық дамуындағы адамның тұлғалық болмысының басты кедергісі.

«Париж – әрдайым сізбен бірге болатын мереке» дейді жазушы Хэмингуэй. Ғажайып атмосфера, париждік эстетика, кинодағыдай саяхат, тізе бүгер, себеп көп. Алайда Парижге қыдырып келген туристердің мұндағы жергілікті тұрғындардың салқынқандылығынан, әдепсіздігінен көңілі қатты қалғанда «Париж» синдромы қалыптасқан.

Синдром сыпайы қарым-қатынас жасап, шыдамдылық танытатын жапон халқының Франциядағы баруынан пайда болған деген мәлімет кездеседі. 1986 жылы жапон психиатрі Хироаки Отой үлкен қалаға жұмыс сапарымен келгенде, дәрігерден осындай белгілер анықталған. Мұның жалғыз шипасы – туристі өз еліне қайтару.

«Адель» синдромы – ұзақ уақытқа созылған махаббатын ұмытпай, жоқ деген қарсы жауапты қабылдай алмау ауруы. Бір адамның екінші адамға деген сезімінің жауапсыз қалуы. Бұл синдром белгісі шынайы оқиғадан кейін осылай атау алып, жаны нәзік, тым көңілшек адамдарда жиі кездесетінімен ерекше.

Жылдарды кері жылжытып, жазушы Виктор Гюгоның қызы Адельдің өміріне үңілсек, жас қыз ағылшындық офицер Альберт Пинсонмен танысады да, бір көргеннен өмірінің мәні сонда деп түсінеді. Бірақ жігіт арудың сұлулығына да, әкесінің беделіне де қарамай, сезімін жауапсыз қалдырады. Кейін Адель әлемді шарлап, сол жігітті іздеумен ғұмыр кешкен. Ал жақын таныстарына екеуінің үйленгенін айтып, сендірген. Жаны күйзелген ару көп ұзамай есінен адасады. Бұл синдроммен балаңыз ауырмас үшін тек жылы жауап қатып, қалауының бәрін орындамай, керісінше, әділ түрде жамандық пен жақсылықтың қатар жүретінін түсіндіріңіз, жоқ деген сөзді, бас тартуларды қабылдауды үйретіңіз.

«Диоген» – қоғам мен қоршаған ортадан тыс, бір бөшкеден шықпай өмір сүрген адам, яғни, социопат немесе мизантроп. Диогеннің өмір сүру стилінен психологияда жаңа синдром қалыптасты. Бұл ауру жастық шағында қоғам белсендісі болған, әлеуметтік белсенді адамдарда, карттарда да көп кездеседі. 1975 жылы Кларктың анықтамасымен ғылымға енсе де, сонау ерте ғасырлардан бері кездесетін бұл синдромның тағы бір белгісі – ешкімге пайдасы жоқ, қоқысқа тасталатын маңызсыз дүниелерді жинай беру.

«Мәңгі жас, мәңгі қарғыс атқан...». Иә, «Дориан Грейдің портретін» оқыған жандар бұл синдромды анықтамасыз-ақ түсінді. Сыртқы келбеттің қартаймауына барын салу, мәңгі жастық бейнені сақтауға тырысу, түрлі медициналық, косметикалық процестерді іске асыру «Дориан Грей» синдромын еске салады.

«Өзге қол» синдромы әдеби туындыларда, кино әлемінде көп айтылады. Адамның өз қолын басқара алмауы, әлдебір тылсым күш арқылы қолдың адамға бағынбауы, әдетте адамның өзінөзі ұрып-соғуымен, суицидпен аяқталады. Психологиядағы «екі жан» немесе «тұлғаның екіге жарылуы» ұғымдарына ұқсас келетін бұл синдром өте қауіпті.

Гарри Поттердің соңғы бөлімін көрсеңіз, Хвостті өз қолы тұншықтырып өлтіргенін байқауға болады немесе қазақ әдебиетіндегі Төлен Әбдіктің «Оң қолы» да аталған синдромның сырын ашады. Бұл сценаристер мен жазушылардың ойлап тапқан дүниесі емес, өмірде кездесетін ауру түрі. Күрделі әрі қисынсыз синдромды емдеудің нақты бір жолы ғылымда әлі күнге дейін табылмаған.

«Үш күндік монах» деп бір істі соңына дейін жеткізбейтін, жұмысты аяқтамайтын адамдарды, яғни үш күн монах болып, әрі қарай доғара салатындардың психологиялық синдромын атайды екен.

Фуние дүрмек

АЛКОГОЛЬ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Шотландияда алкоголь бірлігінің ең төменгі бағасы 30%-ға өсуі мүмкін. Билік сол арқылы ішімдікпен байланысты өлім-жітім мен аурулар санын азайтпақ. Ұлыбританияда алкоголь бірлігі 10 миллилитр таза спиртті құрайды.

2018 жылы Шотландия алкогольдің стандартты бірлігінің ең төменгі құнын алғаш енгізген болатын. Себебі, елдегі өлім-жітімнің 13,5%-на ішімдік себеп болады. Өткен үш жыл ішінде алкогольмен байланысты өлім-жітім 25%-ға өскен. Сонымен бірге, соңғы онжылдықта алкоголизммен емделетін адамдар саны 40%-ға азайған.

ГАРАЖДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ ЗЫМЫРАН

АҚШ полициясы Вашингтон штаты тұрғынының гаражынан қырғи қабақ соғыс кезеңінен қалған зымыранды тапты. Бұл туралы полицияға Огайодағы АҚШ әскери-әуе күштерінің ұлттық музейі хабарлаған. Музей қызметкерлеріне Белвью қаласының тұрғыны гаражындағы зымыран туралы айтқан.

Полиция тұрғынның гаражына арнайы залалсыздандыру тобын жіберіп, ол жерден қауіпсіз, снаряд, жанармайы жоқ Douglas AIR-2 Genie зымыранын тапқан. Иесі оны қайтыс болған көршісінен алғанын мәлімдеді. 1,5 килотонналық мұндай ядролық қару 1957 жылы бір-ақ рет жаттығуларда қолданылған. Мұндай зымырандар өндірісі 1962 жылы тоқтады.

ҮНДІСТАННЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ПРОБЛЕМАСЫ

Сарапшылар әлемдегі ең ірі тамақ өндіруші елдердің бірі Үндістанның ең үлкен проблемасы – аштық екенін мәлімдеді. Жақында жарияланған жаһандық аштық рейтингінде Үндістан 125 елдің ішінде 111-орынды иеленген. Бірақ елдегі 1,4 миллиард халықтың 25 пайызы аштыққа ұшырап отыр.

Үндістан әлемдегі ең ірі күріш, бидай, сүт, қант және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші. Алайда, «Bunge» әлемдік сауда тобының дерегінше, бұл елде тұратын 190 миллион халық аштықтың зардабын тартып отыр. Сарапшылар Үндістанда инфрақұрылым нашар болғандықтан, азық-түлік өнімдерінің 40 пайызы тұтынушыға жетпей бұзылып кететінін айтқан.

ФЕРМЕРЛЕР РИМДІ «БАСЫП АЛМАҚ»

Дүйсенбі күні таңертең 200 трактордан құралған колонна Рим қаласына жол тартты. Итальяндық фермерлер ел астанасында наразылық акциясын өткізбек. Фермерлер шеруі Тосканың оңтүстік провинцияларынан басталған. Кейін оларға Италияның басқа аймақтарындағы әріптестері қосылды.

Шаруалар ұзақ уақыт наразылық үшін алдын ала дайындалып, ауыл шаруашылығы техникаларына су мен тамақ тиеп алып шыққан. Мұндай наразылықтар қазірдің өзінде Франция, Германия, Бельгия, Польша, Румыния және Нидерландта өткен болатын.

Ақпарат көздерінен дайындаған
Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

SERGEK

НҰРЛЫХАННЫҢ ҚОЛА МЕДАЛІ

Қызылордалық дзюдошы Нұрлыхан Шархан Франция астанасы Париж қаласында өтіп жатқан «Grand Slam» жарысының қола жүлдесіне ие болды. Ол әлемдік жарыстың кіші финалында швейцариялық Айх Даниэльден басым түсті.

Іріктеу кезеңінде қазақстандық балуан қарсылас шақ келтірмей, өз тобынан үздік шықты. Алғашқы айналымда АҚШтан келген Натаниэль Киваны, одан кейін нидерландтық спортшы Майкл Коррелдің жауырнын жерге тигізді. Ширек финалда сербиялық Александр Куколды қосымша уақытта вазари ұпайымен ұтып, жартылай финалға шықты.

Жартылай финалда екі дүркін Әлем чемпионы, испаниялық Николоз Шеразадишвилиге есе жіберіп, қола жүлде үшін сайысқа түсті.

Халықаралық жарысқа әлемнің 107 елінен 621 дзюдошы қатысуда. Жарыс жеңімпазына әлемдік рейтингте 1000 ұпай, екінші орынға 700, ал үшінші орынға 500 ұпайдан қосылады.

Фото: Ашық дереккөзден

ЕЛ БІРІНШІЛІГІНДЕ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Елордамыз Астана қаласында өтіп жатқан ересектер арасындағы күрес түрлерінен ел біріншілігінде грек-рим күресінен қызылордалық екі балуан жеңіс тұғырынан көрінді.

Жарыстың алғашқы күнінде Олжас Сырлыбай (97 келі) чемпион атанды. Финалда ол қостанайлық Юсуф Мациевті жеңіп кетті.

Сондай-ақ жүлде қорын жерлесіміз Айдос Сұлтанғали (60 келі) алтын медальмен толықтырды. Ол финалда Жетісу облысынан келген Ғалым Қабдунасаровтың осал тұсын тапты.

Аталған ел біріншілігіне еліміздің 20 өңірінен 600-ден астам күрес шеберлері қатысуда.

Осы біріншілікте топ жарған балуандар Бішкекте (Қырғызстан) өтетін Азия аймақтық, Стамбулда (Түркия) өтетін әлемдік іріктеу турнирінде бақ сынау мүмкіндігіне ие болады.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, «АлемБетон» ЖШС «Қызылорда қаласында М.Шоқай көш., №278 асфальт-бетон зауыты кешенінің құрылысы» жобасына қоршаған ортаны қорғау бөліміне жария талқылау нысанында бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдарымен экологиялық порталда (ecoportal.kz) танысуға және ұсыныстар мен ескертулерді 14 ақпаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде беруге болады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22994 | Тапсырыс №200 | Кезекші редактор **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**